

# Мұзтауым – Мұзарт шыңым

Тасқын БОЛАТҰЛЫ

«Қара орманды, қапсал шатқалдардың ажарында Мұзтау ғана қақ күмісше жарқырап жатады...» дейді жазушы Әлібек Асқаров. Атыңнан айналайын азыз тау, кім сені жырға қоспады? Әлі де жырлап келе жатқан жоқ па?!



Манап Мұрзатаев

Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасындағы бұл жолғы басқосудың себепшісі – Мұзтау. Алтай тауының ең биік шыңы. Есіміздең көне конған жерлердің бірі. Жынға қала

мектептері мен колледждерінен келген оқушылар айгілі тау төңірегіндегі азыз-әпсаналарға құлақ қойып, шыңға өрлеген жандардың естеліктерін тыңдады.

– Мен туған өлкеме өлердей ғашық саяхатшымын. Оның әрбір қырышық тасын, құлактанып шыққан бір тал шебін сүйемін. Мұзтауға бір барған адам, екі бармай, уш бармай тұра алмайды. Мен де бірнеше мартे ол жаққа ат басын бұрдым. Ол шыңың өн бойында өзіне тартып тұратын ғаламат күш бар, – дейді Светлана Владимировна.

«Қар барысын қорғау» қоғамдық қорының директоры Олег Логинов «Ілбіс – қар барысы» атты кітабына енгей өртегілердің біріне тоқталды.

– Кітап фотоальбом іспетті. Бірақ, ішінде танымдық дүниелер де баршылық. Мәселен, онда «Қар барысы – аспан тауларының нышаны» атты өртегі енген. Өртегі авторы – мениң жарым Ирина. Әртегіде, аты айттып тұргандай, басын мәнгі қар басқан Мұзтау шыңын мекен ететін барыс туралы сөз болады. Адамның қоршаған ортаға деген көзқарасы бала кезінен бастап қалыптасуы керек қой. Тындының мақсаты – бул діршіндей балалардың үлші жаратылыс – табиғатқа деген махаббатын ояту. Жалпы, барыс туралы жазылған шығармалар жоққа тән. Бұл шығарма сол бір олқылықтың орнын толтырғандай. Жеңіл оқылатын, шиеленісті оқиғасымен оқырманды өкілеттін тынды деп білемін мұны. «Алтай үйіріп өкілеттін тынды деп білемін мұны. «Алтай тауларында киелі Мұзтау атты шыңың рухы – қар барысы – гасырлар бойы мекен етіп келеді. Ешбір аң баласының сондайлық, биікті тіршілік етуі негайбы!» деп басталатын шығарманың ішіне бірден еніп кетесіз, – дейді Олег Логинов.

Жында Ресей Федерациясы Алтай университетінің ұстаздары мен зоолог, жазушы

Антонио Сорушев тікелей байланысқа шығып Алтайдың биік шындары туралы өз білгенімен белісті.

– Алтай тауын қоныс қылған тұрғындар өлкे тарихына қатысты саналуан аңыз-әпсаналармен таныс. Жай ғана таныс емес, бесікте жатқанында-ақ ана сүтімен қатар оның бұлағына қанып өскен деуге болады. Деседе, олар Мұзтау шыңының бар жұмбағын толықтай шешті деп айта алмаймын. Бүгінгі жиынға қатысып отырған жастар, бәлкім, болашақта оның сырына үңіліп көрер, – дейді экранның арғы жағындағы Антонио Сорушев жиынның жас қонақтарына ой тастап.

Айта кетейік, шара барысында өткен көрмеде Алтай тауының әсем көріністерін естелік қылышп қалдыра білген әріптесіміз, облыстық «Дидар» газетінің қызметкері Мерей Қайнарұлы, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры Константин Прокопов сынды әуесқой фотографтардың суреттері қойылып, Оралхан Бекей, Әлібек Асқаров бастаған әйдік жазушылардың алтын таудың асқақ бейнесін сөзben сомдаған кітаптары орын тепкен екен.

– Бұл шараның арқасында күн сайын қасиетті топырағын басып, ұшар басына көз тіге тамсанып жүрген Алтай тауымызды басқа бір қырынан көрдік. Тың деректермен танысып, көптеген мәліметтерге қол жеткіздік. Бұдан былай осындаш шараларға достарымды үнемі ертіп келетін боламын, – деді кештен кейінгі әсерімен бөліскең облыстық техникалық-экономикалық колледждің студенті Саида Тельменбаева.